

## Кондитерлік өнімдердің кейбір түрлерінің импортына қатысты іс қарауды бастау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 қарашадағы N 1015 Қаулысы

"Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Сауда комитеті:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес тауарлар импортына қатысты іс қарауды б а с т а с ы н ;

2) осы қаулыға қосымшаға сәйкес іс қарау рәсімі аяқталғанға дейін заңнамада белгіленген тәртіппен тауарлар импортын лицензиялауды жүзеге асырсын;

3) он күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық комитетіне және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетіне іс қараудың басталғандығы туралы хабарласын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2008 жылғы 6 қарашадағы  
N 1015 қаулысына

ҚОСЫМША

### Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, оларға қатысты іс қарау рәсімі басталатын тауарлардың тізбесі

Өнімнің атауы	ҚР СЭҚ ТН бойынша коды
Құрамында какао жоқ, ішінде тәттісі бар немесе тәттісі жоқ мұз кәмпиттен жасалған карамель	1704907100
Тоффи, карамельдер және құрамында какао жоқ соған ұқсас тәттілер	1704907500
Құрамында алкоголь бар, ішінде тәттісі бар немесе тәттісі жоқ шоколадты кәмпиттер	1806901100
Ішінде тәттісі бар немесе тәттісі жоқ өзге шоколадты кәмпиттер	1806901900
Құрамында какао бар, қантты алмастыратын өнімдерден әзірленген, қанттан және оның алмастырғыштарынан жасалған кондитерлік өнімдер: ішінде тәттісі бар немесе тәттісі жоқ мұз кәмпиттен жасалған карамель	1806905001

Құрамында какао бар, қантты алмастыратын өнімдерден әзірленген, қанттан және оның алмастырғыштарынан жасалған кондитерлік өнімдер: тоффи, өзге де карамельдер және соған ұқсас тәттілер	1806905002
Құрамында какао бар, қантты алмастыратын өнімдерден әзірленген, қанттан және оның алмастырғыштарынан жасалған кондитерлік өнімдер: өзгелері	1806905009

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК